

БЕКІТЕМІН

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ

Басқарма Төрағасы –Ректор

З.Ғ.Д. профессор, қабылдау

комиссиясының төрағасы

Е. Бурибаев

2025 ж.



**В007 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау»
білім беру бағдарламаларының тобы бойынша
шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Талдықорған 2025

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

В007 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсушілер шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтиханның мақсаты – оқуға түсушінің В007 "Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау" білім беру бағдарламалары тобы бойынша жұмысқа дайындығын тексеру және оқуға түсушілердің осы білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға қажетті шығармашылық дайындық өлшемдері бойынша іріктеу.

В007 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсушілер шығармашылық дайындықты талап ететін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер, екі шығармашылық емтихан тапсырады және әр шығармашылық емтихан 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Білім беру бағдарламалары В007 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» тобына түсетін тұлғалар жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқу мерзімін қарастыратын оқуға түсушілерді даярлау бір шығармашылық емтихан тапсырады және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Емтихандық қойылымды орындаған кезде, оқуға түсушілер сурет, кескіндеме, композиция әдістерін рендік және түстік байлығын шынайы көрсетуі қажет.

Орта білім базасы бойынша емтиханнан 5 баллдан төмен тапсырған, сонымен қатар емтиханға қатыспаған оқуға түсушілер ЖОО түсті деп есептелмейді.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

1. Шығармашылық емтиханды бағалау тәртібі мен критерийлері

1.1 Шифрленген жұмыстарды «Шығармашылық емтихандар бағдарламасында» бекітілген критерийлерге сәйкес пәндік комиссия мүшелері бағалайды.

СУРЕТ БОЙЫНША ЕМТИХАН


Бірінші шығармашылық емтихан-СУРЕТ. Сурет объектісі-бір түсті мата аясында гипстен жасалған адамның бет маскасының суреті.

- Емтихан ұзақтығы 3 сағат.
- Сурет А3 форматындағы қағазда сызықтар мен штрихтардың көмегімен сурет салудың белгілі бір ережелері мен тәсілдерін сақтай отырып орындалады.
- Емтихан пәніне қойылатын талаптар және бағалау критерийлері:

- «40»-тан «50»-ге дейінгі балл саны көрсетілген талаптар қатесіз ескерілген және 1-ден 2-ге дейінгі қателіктер жіберілген (жұмысты орындау кезінде) сурет үшін қойылады.
- «5»-тен «39»-ға дейінгі баллдар саны жұмыс орындау барысында қағаз бетіне орналастыруда, көлеңке жарығын ажыратпауда елеусіз қателіктер жіберілген жұмыстарға қойылады.



Суреттен берілген тапсырма үлгілері



Сурет бойынша тапсырма бағдарламасы

Талапкерге бір тапсырма беріледі: бір түсті мата аясында гипстен жасалған адамның бет маскасының суретін салу. Сурет А3 форматында сызықтың және штрихтың көмегімен сурет салу ережелері мен тәсілдерін сақтай отырып орындалады.

Бір түсті мата аясында гипстен жасалған адамның бет маскасының суреті мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- 1 – жазықтықта суреттің дұрыс орналасуы;
- 2 – жалпы композицияның дұрыс шешімі;
- 3 – конструктивтік құрылымы мен көлемін беру;
- 4 – суреттің тоналды шешімін орындау;
- 5 - заттың материалдылығын беру.

Бағалау тәртібі

Жалпы орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар талапкерлер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

50 балдық шкала бойынша «Сурет» Шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері:

	Бағалау критерийлері	Балл
1	жазықтықта суреттің дұрыс орналасуы	10
2	жалпы композицияның дұрыс шешімі	10
3	конструктивтікұрылымы мен көлемін беру	10
4	суреттің тоналды шешімін орындау	10
5	заттың материалдылығын беру	10
Барлығы		50

20 балдық шкала бойынша «Сурет» Шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері:

	Бағалау критерийлері	Балл
1	жазықтықта суреттің дұрыс орналасуы	4
2	жалпы композицияның дұрыс шешімі	4
3	конструктивтікұрылымы мен көлемін беру	4
4	суреттің тоналды шешімін орындау	4
5	заттың материалдылығын беру	4
Барлығы		20

Кескіндеме бойынша емтихан

Екі заттан тұратын натюрмортты орындау



Кескіндеме бойынша тапсырма бағдарламасы

Талапкерге бір тапсырма беріледі: Екі заттан тұратын натюрмортты орындау. Жұмыс сурет салу ережелері мен тәсілдерін сақтай отырып, сызықтың және әр түрлі графикалық тәсілдердің көмегімен А3 форматында орындалады.

- Натюрморттың орындалуы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1- натюрморттың композициялық шешімін табу;
- 2-суретін дұрыс тұрғызу, заттарды дұрыс орналыстыру, пропорция және көлемді ұстану;
- 3-түстік және реңдік қатынастарын көрсету
- 4- материалдығын көрсету.

Бағалау тәртібі


Жалпы орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар талапкерлер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

50 балдық шкала бойынша «Кескіндеме» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері:

	Бағалау критерийлері	Балл
1	Натюрморттың композициялық шешімі	15
2	Сурет салу, заттардың өзара орналасуын беру, олардың пропорциясы мен көлемі	15
3	Натюрморттың кескіндеме жұмысына пішін беру, түс және тоналды қарым-қатынас	10
4	Заттың материалдылығын беру	10
Барлығы		50


1.2 Емтихан нәтижелері ЖОО порталында орналастырылады.

Шығармашылық білім беру
кафедрасының меңгерушісі:



А.К. Усенова

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:



Д.А. Солтанова